

«К.Шакенов атындағы орта мектебі»КМММ

**ХАТТАМА №8**

2022 жылғы 28 сәуір

Жанаозен ауылы

Жанаозен а.

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп директоры

К.С.Байгалиев, Мектеп әкімшілігі, психолог, ӘБ  
жетекшілері, сынның жетекшілер

**Күн тәртібі:**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызыметшілерді атестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы №83 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бүйрүғы туралы (директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б.Унуспаева)
2. ҚР сыйбайлас жемқорлықта карсы іс қымыл Агенттігінің хатымен таныстыру.
- (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева)
3. Негізгі мектеп бітіруші окушыларға кәсіби бағдардың өз дәрежесінде берілуі. (мектеп психологі А.М.Канашева)

**Тындалды:**

1. Д.Б.Унуспаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызыметшілерді атестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бүйрүғымен жұмыс жүргізмелі. Педагогтерді атестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бүйрүғы төмөндегідей тараулар мен параграфтардан тұрады:

1-тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

Аттестаттау мынадай кезеңдерді камтиды:

педагогтер үшін:

1) Біліктілік тестілеуі;

2) эссе;

3) біліктілік бағалауы;

4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

3-тарау. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) тәртібі

73. Біліктілік санаттарын берудің (растаудың) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігі рәсімін жүргізу үшін әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша жеке Сараптама кенесі (бұдан әрі – Сараптама кенесі) құрылады:

4-тарау. Білім беру үйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібі

## 21. Біліктілік тестілеу:

педагогтер:

- күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет – ақысыз;
- күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) реет қайта өту ақылы негізде;
- күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) реет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;
- сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде;
- педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар:

  - күнтізбелік жыл ішінде 1 рет – ақысыз;
  - білім беру үйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары күнтізбелік жылда 1 (бір) рет – ақысыз;
  - күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) реет қайта өту ақылы негізде;
  - сынақ (қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде.

## 22. Біліктілік тестілеуі келесі тест тапсырмаларынан тұрады:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйымдарының педагогтері үшін:  
"Мектепке дейінгі педагогика және психология" – отыз тапсырма;  
"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;
- 2) Бастауыш білім беру педагогтері пәндер бойынша тест тапсырады:  
"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;  
"Оку пәнінің мазмұны" (казак немесе орыс тілі (оқыту тілі бойынша), әдебиеттік оқу, математика) – жетпіс тапсырма;
- 3) Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:  
"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;  
"Оку пәнінің мазмұны" – жетпіс тапсырма;

## 2-параграф. Эссе жазу тәртібі

54. Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілетін уақыт – 30 минут. Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілдепті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі.

55. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

## 3-параграф. Біліктілікті бағалауды өткізу тәртібі

56. Педагогтерді біліктілік бағалауды білім беру үйымдары жүргізеді және құжаттардың осы Қағидаларға 7-косымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін карауды қамтиды.

57. Кажетті құжаттар болмаған жағдайда педагог жетіспейтін құжаттарды З жұмыс күні ішінде әкеледі.

## 3-параграф. Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібі

117. Президенттің кадр резервін екірген тұлғаларға, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының түлектеріне жұмысқа орналасу сәтінде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кешіктірілмей біліктілік санатын беру рәсімінсіз Комиссия шешімімен "педагог-сарапшы" біліктілік санаты беріледі. Кезекті аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген мерзімде өткізіледі.

118. "Педагог-модератор" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін менгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

Ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 60 - 65 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C1;

неміс тілі: гесәцтификат (GoetheZertifikat) - C1.

119. "Педагог-сарапшы" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін менгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшынтылі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 66 - 78 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C1;

немістілі: гесәцтификат (GoetheZertifikat) - C1.

120. "Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін менгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшынтылі: айелтс (IELTS) - 7 балл; тойфл (TOEFL) – 79-95 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C2;

неміс тілі: гесәцтификат (GoetheZertifikat) - C2.

121. "Педагог-шебер" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін менгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуінен өтпей беріледі:

Ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 7,5 балл; тойфл (TOEFL) – 96 - 110 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C2;

немістілі: гесәцтификат (GoetheZertifikat) - C2.

122. Жоғарыда аталған сертификаттары жоқ шет тілдерінің педагогтері біліктілік санатын беру рәсімінен жалпы негізде өтеді.

123. Комиссия шешімі аттесттатау органының бұйрығымен ресімделеді.

124. Біліктілік санатын беру туралы бұйрықтың негізінде білім беру үйымы осы

Қағидаларға 20-косымшага сәйкес нысан бойынша біліктілік беру (растаяу) туралы куәлік береді.

125. Біліктілік санатын беру туралы куәліктерді беруді білім беру үйымдары

Комиссиялардың шешімдері мен тиісті бұйрықтардың негізінде жүзеге асырады және осы

Қағидаларға 21-косымшага сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

## **2.Г.Ж.Тагаева - директордың тәрбие ісі жоніндегі орынбасары**

Сыбайлас жемкорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген сыбайлас жемкорлыққа қарсы төзімділікті қалыптастыру үшін мерекелік іс шаралар қарсанында мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне өздерінің қызметтік функцияларын орындауға байланысты сыйлық сондай ақ, материалдық құндылықтар қабылдауға тыйым салатындығы туралы атап өтті. Косымша әдістемелік бірлестік отырысында, ата аналар арасында түсіндіру жұмыстарын үйимдастыру ұсынылды. (хат қосымша тіркелген)

## **3.А.М.Канашева мектеп психологи**

9 «А,Ә» сынып оқушыларымен оқушыларға мамандық тандау мүмкіндіктері мен бағыт бағдарын беру, кәсіптік бағдар бере отырып, өзін өзі тану аумағын көнектізу мақсатында «Мамандық тандау ертеңді ойлау» тақырыбында психологиялық жұмыс жүргіздім. Жұмыс барысында оқушылар мамандық әлемінде өзін өзі тани білуіне дүниетанымдарын көнектіп, оқушылардың көңіл күйлері мен оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында ойын жаттығулар жүргізілгендей туралы акпарат бердім.

**Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27қаңтардағы № 83бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығы негізінде жұмыс жүргізілсін.
2. КР сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл Агенттігінің хаты бойынша педагогикалық ұжым, ата аналар арасында әрі қарай түсіндіру жұмыстары үйымдастырылсын.
3. Қаулының орындалуы директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, мектеп психологіне жүктелсін.

Төрағасы

Хатшы:



К.С.Байғалиев

Мадыбаева А